6D020800 – Археология және этнология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Жуматаев Ринат Сериковичтың «Қазақстанды ежелгі дәуірлер мен орта ғасырларда мекендеген жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы (Мәденигенездік аспект)» атты тақырыпта дайындалған диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

Пікірі

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Өркениет тарихында қолға үйретілген жануарлардың ішінен жылқыдан асқан-жасампаздық роль атқарғаны жоқ. Адамдар жылқыны алдымен қолға үйретіп, уақыт өте келе оны мініс көлігіне айналдырудың арқасында көне қоғамның мәдени-тарихи көкжиегін айтарлықтай кеңейткен еді. Бір сөзбен айтқанда, жылқының көмегімен адамдар құрлықтар мен кеңістіктерді игерді. Осылайша, жылқыны тіршілігіндегі сенімді серігіне айналдырған көшпелі халықтар өз кезегінде оған қарыздар болмай, оны барынша ұлықтауға тырысты. Жылқыға байланысты түрлі ғұрыптар мен теңеулердің, дүниетанымдық ұстанымдардың қалыптасуы осының нақты көрінісі бола алады.

Осы ретте бұл диссертациялық зерттеу жұмысының өзектілігі бір қырынан алып қарағанда жылқымен байланысты әдет-ғұрыптардың жергілікті археологиялық мәдениеттер сабақтастығы контекстінде жеткілікті зерттелмеуімен, яғни отандық археология ғылымының тарихнамасында оның түрлі белгілерін жан-жақты ашып көрсететін кешенді еңбектердің болмауымен сипатталса, екінші жағынан, осы бағыттағы ғылыми ізденістер қарастырылып отырған территориядағы жылқыға қатысты әдет-ғұрыптардың шығу тегін, мазмұны мен тарихын түсіну үшін ғана емес, басқа да бірқатар теориялық мәселелерді шешу үшін де маңызды екенімен байланысты. Оның үстіне осындай хронологиялық және территориялық кең ауқымдағы зерттеу жұмысы алғаш орындалуда.

Сонымен бірге, ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс жылқымен байланысты әдет-ғұрыптарды тарихи ретроспективада зерттеуге арналған, бүкіл тарихи кезеңдерді бір-бірімен сабақтастыра отырып кейінгі қазақ халқымен байланыстыра қарастыратын арнайы кешенді зерттеу жұмысы екендігінде. Бұл жұмыс зерттеу тақырыбына қатысты көптеген зерттеу еңбектерін, ғылыми айналымға енбей қалған археологиялық деректерді жинақтаудың алғашқы талпынысы.

Осы айтылғандарды басшылыққа алар болсақ, онда қорғауға ұсынылып отырған Жуматаев Ринат Сериковичтың «Қазақстанды ежелгі дәуірлер мен ортағасырларда мекендеген жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы (Мәденигенездік аспект)» атты зерттеу жұмысының тақырыбы аймақтық шекарасы жағынан және уақытнамалық тұрғыдан ауқымды әрі өзекті.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Құрылымы жағынан диссертация кіріспеден, төрт тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұратын зерттеу жұмысы докторлық (PhD) диссертацияға қойылатын талаптарға толығымен жауап береді. Бұл жұмыс ізденуші Р.С. Жуматаевтың өз тарапынан археология ғылымына қосқан жеке үлесі болып саналады.

Кіріспе бөлімінде кез-келген ғылыми жұмысқа тән жалпы мәселелер қарастырылса, негізгі төрт тарау қазақ жерін мысты тас дәуірінен бастап орта ғасырларға дейін мекендеген жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы рөлін ашуға арналған. Оған қол жеткізуде жылқы қосып жерлеу ғұрпы кездесетін Қазақстандағы қола дәуірінен ортағасырларға дейінгі барлық археологиялық нысандар сипатталған. Қабір ішіндегі жылқылардың орналасуы, олардың саны, бағытталуы және басқа да мәселелері кеңінен талданған. Тарихи уақыт шеңберін басшылыққа ала отырып жылқы жерлеулері кездесетін ескерткіштердің типологиясы жасалған. Сонымен қатар, сол кезеңдерге жататын жартас бетіндегі жылқы суреттерінің иконографиялық және ғұрыптық мазмұндары қарастырылған. Археологиялық деректер арқылы анықталған барлық жосын-жоралғылар мен жартас бетіндегі ғұрыптық маңызы бар желілер мен сарындар жазба мәліметтері мен этнографиялық материалдар негізінде үйлестірілген.

Зерттеу жұмысында Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық жұрттарындағы жылқымен байланысты таным-түсініктердің дамуының және зоолатриялық дүниетанымның қалыптасуының барлық элементтері мен сатылары тарих ғылымы мен шет елдердегі жан-жануарларды кие тұту көріністерін зерттейтін іргелес салалардың соңғы жетістіктеріне негізделе отырып баяндалады. Мұның өзі ежелгі діни ұғымдар жүйесін зерттеудегі жаңа бағыттардың қалыптасуына жол ашады. Ең маңыздысы бір ғана жылқы бейнесі арқылы қазақ даласындағы ежелгі және ортағасылық халықтың дүниетанымындағы тарихи-сабақтастық жақсы көрсетілген. Мұның өзі тарих ғылымындағы автохтонды теорияның дәлелді бір көрінісі.

Осы айтылғандарды басшылыққа алар болсақ, ізденуші алдына қойған мақсат-міндеттерді толық орындай отыпы, төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілген:

1-нәтиже. Мысты тас дәуіріндегі ескерткіштерден алынған материалдарды талдай келе, жәнеде тақырыпқа қатысты зерттеу жүргізген ғалымдардың көзқарастарын тұжырымдай отырып, қазақ даласы жылқыны қолға үйреткен аймақтың бірі болғандығы айқындалған. Сонымен қатар, осы тарихи кезеңде жылқыға қатысты алғашқы рәсімдердің пайда болғандығы сарапталған.

2-нәтиже. Қазақстанның қола дәуіріндегі жұрттарының жылқымен байланысты әдет-ғұрыптары археологиялық деректер негізінде сипатталып, олардың түрлі формада берілуінің себептері мен алғышарттары жан-жақты талданған.

3-нәтиже. Ерте темір дәуіріндегі Қазақстанның археологиялық ескерткіштеріндегі жылқымен қатысты түрлі жосын-жоралғылардың аймақтық ерекшеліктері мен хронологиялық сабақтастығы айқындалған.

4-нәтиже. Ортағасырлық тайпалардағы жылқы қосып жерлеу ерекшеліктері мен жартас бетіне жылқы суреттерін бейнелеудің иконографиялық мазмұны талданған. Оған қоса аталмыш кезеңдегі жылқы культі түркі-моңғол этнографиясындағы мағлұматтармен салыстырыла отырып тиянақталған.

5-нәтиже. Жерлеу-еске алу ескерткіштеріндегі және петроглифтердегі жылқымен байланысты әдет-ғұрыптарды сипаттайтын деректер қорының негізінде хронологиялық типология жасалған.

6-нәтиже. Қазақстан жерінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында анықталып, тек ғылыми есеп түрінде сақталған материалдардағы жылқымен байланысты деректер алғаш жарияланған.

7-нәтиже. Қазақ даласындағы ежелгі дәуірлерден орта ғасырларға дейінгі жылқыға қатысты әдет-ғұрыптар мәденигенез тұрғысынан қарастырылып, зерделенген.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Ізденуші Р.С. Жуматаевтың «Қазақстанды ежелгі дәуірлер мен ортағасырларда мекендеген жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы (Мәденигенездік аспект)» атты диссертациялық жұмысындағы алынған нәтижелердің, қорытындылар мен тұжырымдардың шынайылық деңгейі мақсаты мен міндеттернің дұрыс шешім табуымен айқындалады.

Нақтырақ айтар болсақ:

1-нәтиже. Археология және басқа да іргелес ғылымдарда көптеген зерттеушілер еліміздегі энеолит дәуріне жататын ескерткіштерден алынған жылқы сүйектерін үй жануарымен байланыстыруға қарсы көзқарастар ұстанған. Бірақ жүргізілген көптеген ізденістер, соның ішінде жаратылыстану ғылымдарының нәтижелері ол пікірлерді теріске шығарды. Ізденуші қазақ даласы жылқыны қолға үйреткен аймақтың бірі болғандығын нақты археологиялық деректермен және басқа да қосымша материалдар арқылы негіздеген және шынайы болып табылады.

2- нәтиже. Зерттеушілердің көпшілігі қола дәуіріндегі материалдарды басшылыққа ала отырып қазақ даласын үндіарий кеңістігінің бір бөлігі, соның ішінде көптеген діни-ғұрыптармен байланысты элменттердің солардың қатарында екендігін жазып келеді. Мұндай пікірлердің кейбір тұстарында шынайлықтың бар екендігі, яғни, Еуразия кеңістігіндегі ежелгі біртұтастық мәселесі тұжырымдалған. Бірақ жергілікті аймақта олардың өзіндік келбеті болғандығы ашылып көрсетуі зерттеудің шынайылығын бекіте түскен.

3-**нәтиже**. Ерте темір заманында жылқымен байланысты әдет-ғұрыптар тек еліміздің шығыс өңірінде ғана емес, басқа да аймақтарында да болғандығы және олардың түрлі тұрпатта орын алғандығын бұрын белгісіз болып келген археологиялық материалдар арқылы негіздеуі дәлелді.

4-нәтиже. Қазақстанның орта ғасырлар кезеңіне жататын археологиялық ескерткіштеріндегі жылқының рөлі отандық ғылымда мүлде талданбаған. Бұл кезеңдегі мәдени дәстүрлер ежелден бастау алып кейінгі түркі-моңғол халықтарында да көрініс тапқандығы шынайы дәйектелген.

5-нәтиже. Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық жұрттарының жылқымен байланысты әдет-ғұрыптарының типологиясы және оның түсіндірмесі әлі күнге дейін тиянақталмаған. Оның себептерінің бірі көптеген қазба материалдары ғылыми айналымға енбеуі. Ізденішу тақырыпқа қатысты мұрағат қорларындағы және кейбір зерттеулердегі, соның ішінде өзінің далалық зерттеу материалдарын қорытып, хронологиялық сатылы типологиялыны ұсынуы шынайы болып табылады.

6-нәтиже. Жұмыста археологиялық қазба жұмыстарының ғылыми айналымға енбей, тек есеп түрінде қалған материалдар алғаш жарияланған. Олардың қола дәуірінен бастап кейінгі ортағасырларға дейінгі халықтардың дүниетанымындағы жылқы бейнесін жаңаша тұжырымдауға негіз болатындығы шынайы.

7-нәтиже. Қазақ даласын ежелгі дәуірлер мен орта ғасырларда мекендеген халықтардың жылқымен байланысты әдет-ғұрыптарын мәденигенез тұрғысынан жүйелі түрде негіздеп, олардың тарихи-мәдени сабақтастық тұрғысынан үзілмейтіндігін шынайы көрсете алған.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағида) мен қорытындысының жаңашылдық деңгейі.

Диссертациялық еңбектің ғылыми жаңалығы дау туғызбайды, өйткені Қазақстан археологиясында бұрын-соңды жылқының ежелгі және ортағасырлық көшпелілердің дүниетанымындағы орны арнайы зерттеу нысаны болмаған.

Ұсынылып отырған әрбір ғылыми нәтиже, ізденушінің диссертацияны орындау барысында жасаған түйіні мен қорытындыларын деректік материалдармен негіздеу арқылы жасалған.

Жылқыммен байланысты әдет-ғұрыптардың энеолит заманынан этнографиялық дәуірге дейінгі тарихи сабақтастығын мәденигенез тұрғысынан кешенді түрде қарастыру, зерттеу жұмысын төмендегідей ғылыми жаңалықтармен ерекшелендіреді:

1-нәтиже жаңа, себебі энеолит дәуіріндегі ескерткіштерден алынған материалдар мен зерттеушілердің көзқарастарын тұжырымдай отырып, қазақ даласында жылқы қолға үйретіліп қана қоймай, оған қатысты діни түсініктер айқындалған кешенді зерттеу болып табылады.

2-нәтиже жаңа, өйткені қола дәуіріндегі жұрттарының жылқымен байланысты әдет-ғұрыптары отандық археологиялық ескерткіштер арқылы және жазба деректермен бекіту негізінде жан-жақты сарапталып алғаш ұсынылған.

3-нәтиже жаңашылдығы жоғары, ежелгі көшпелілер заманындағы жылқымен қатысты түрлі жосын-жоралғылардың аймақтық ерекшеліктері мен хронологиялық сабақтастығы жаңа материалдар арқылы сарапталған. Жылқы қосып жерлеу кездесетін жаңа өңірлер ғылыми айналымға енгізілген.

4-нәтиже жаңа, өйткені Қазақстанның түркі кезеңіне жататын археологиялық ескерткіштеріндегі жылқы бейнесі кейінгі түркі-моғол халықтарының этнографиясымен үйлестіріле отандық ғылымда мүлде талданбаған.

5-нәтиже жаңа Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық жұрттарының жылқымен байланысты әдет-ғұрыптарының хронологиялық типологиясы ғұрыптардың ерекшеліктеріне қарай сипатталып алғаш талданып отыр.

6-нәтиже жаңашылдығы жоғары, себебі Қазақстан жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының ғылыми айналымға енбей, тек есеп түрінде қалған материалдардағы жылқымен байланысты деректер алғаш қолданылып отыр.

7-**нәтиже жаңа,** олай дейтініміз зерттеуде қазақ даласындағы ежелгі дәуірлерден орта ғасырларға дейінгі жылқымен байланысты әдет-ғұрыптар мәденигенез тұрғысынан алғаш зерделенген.

Зерттеу барысында ізденушінің қол жеткізген негізгі нәтижелерін қорытындылай келіп, оларды зерттелген саладағы жаңа жетістіктер ретінде бағалаймыз. Диссертацияда көрсетілген ұсыныстар мен қорытындылардың жаңалығы жоғары деңгейде екендігін атап өтуге болады.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми нәтижелер үлкен теориялық және тәжірибелік маңызға ие. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы археология саласында ежелгі халықтардың дүниетанымына қатысты жаңа зерттеулік бағытты одан әрі дамытуға ықпал ететін қағидаларға, теориялық ережелер мен тұжырымдардың болуына негізделеді.

Зерттеу жұмысында алынған нәтижелерді әсіресе жаңадан енгізілген археологиялық деректерді ежелгі және ортағасырлық тайпалардың түрлі мәселелерін шешуде қолдануға болады. Одан бөлек жоғары оқу орындарында оқу құралдары мен бағдарламаларын, арнайы курстар мен дәрістерді оқу үшін қосымша материал ретінде пайдалануға болады.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Диссертацияның негізгі қағидалары мен нәтижелері, тұжырымдары мен түйіндері 13 ғылыми басылымдарда жарық көрген, оның ішінде 5 мақала ҚР білім және ғылым министрлігінің жоғары бақылау Комитетімен бекітілген тізімге енген басылымда, 1 мақала Scopus мәліметтер базасына кіретін басылымда, 7 баяндама халықаралық, республикалық ғылыми-практикалық конференциялар мен симпозиумның жинақтарында жарияланған.

Мақалалардың мазмұны ғылыми еңбектің негізгі нәтижелері мен қорытындыларына сәйкес келеді.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Зерттеу жұмысының негізделуі мен дәйектілігі жеткілікті. Докторант диссертациялық зерттеу жұмысын жазу барысында тек қана қазақстандық ғалымдар ғана емес, ресейлік және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене

отырып, одан бөлек өзі жүргізген далалық зерттеу жұмыстарының қорытындыларын енгізе келе тұжырымдар мен өзіндік пайымдаулар жасаған.

Диссертацияда ұсынылған нәтижелер, тұжырымдамалар мен қорытындылар өзара байланыста. Олар жұмыста анықталған мақсат пен міндеттерге, ғылыми талаптар мен ұсыныстарға сай келеді. Диссертация мазмұнының аяқталуымен, құрылымдылығымен, нәтижелерінің ғылыми және тәжірибелік маңыздылығымен ерекшеленеді. Жұмыс көлемі мен библиография бойынша ескертулер жоқ. Диссертацияны толығымен аяқталған жұмыс деп қорытындылауға болады.

Деседе, төмендегідей ұсыныстар жасау орынды деп санаймыз:

Біріншіден, жұмыстағы жылқымен байланысты әдет-ғұрыптардың кейбір тұстарын талдау барысында фольклор материалдарын қолданса дұрыс болар еді.

Екіншіден, қазақ этнографиясындағы жылқы бейнесі бұдан да көбірек пайдаланылса құба-құп болар еді.

Бұл ескертпелер, жұмыстың маңыздылығы мен құндылығын төмендетпейді, керісінше болашақтағы ізденістерге ұсыныс ретінде қабылдаған жөн.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай отырып, Жуматаев Ринат Сериковичтың «Қазақстанды ежелгі дәуірлер мен ортағасырларда мекендеген жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы (Мәденигенездік аспект)» тақырыбындағы диссертациясы дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, орындалуы жағынан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитетінің талаптарына сай, аяқталған жұмыс деп есептей келе, ізденуші 6D020800 – археология және этнология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп санаймын..

Ресми рецензент:
тарих ғылымдарының докторы, профессор
ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институтының
ғылыми қызметкері А.У. Тоқтабай